

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігін Көкшетау қаласына көшіру туралы <*>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 12 ақпандағы N 99

ЕСКЕРТУ. Тақырыбындағы және мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.27. N 1989 қаулысымен. P991989_

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігін оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарымен - Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиямен, "Қазгеоақпарат" РГАО Республикалық геологиялық ақпарат орталығымен жер қойнауын қорғау мен пайдалану жөніндегі Солтүстік Қазақстан аумақтық басқармасымен, Тұрақты даму ұлттық экологиялық орталығымен, Геология, экология және табиғи ресурстар ақпараттық-талдау орталығымен бірге Көкшетау қаласына көшіру жүзеге асырылсын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 681 қаулысымен.

P 9 8 0 6 8 1 _

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.29. N 1939

қаулысымен. P 0 0 1 9 3 9 _

2. Ақмола қаласына көшірілген мемлекеттік органдардың орталық аппараттарының қызметкерлері үшін заңдарда көзделген кепілдіктер мен өтемдер елорданы Астана қаласына көшіруге байланысты басқа жерге (Көкшетау қаласына) жұмысқа ауыстыру кезінде қоныс аударған Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің орталық аппараты қызметкерлеріне де қолданылады деп белгіленсін.

Жоғарыда аталған Министрліктің орталық аппараты, сондай-ақ 1-тармақта

көрсетілген қарамағындағы ұйымдардың қызметкерлеріне тұрғын үй беру және сатып алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 377-26 және 1998 жылғы 3 тамыздағы N 736-56 қаулыларына сәйкес жүргізілсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.12.27. N 1989 қаулысымен.

P991989_

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.29. N 1939
қаулысымен.

P001939_

3. Құпия.

4. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны
қорғау министрлігі Көкшетау қаласындағы К.Маркс көшесіндегі 81-үйге
орналастырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі